



Еркін ҚҰРМАНБЕКОВ,
Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры, Мемлекеттік рәміздерді насихаттаудың облыстық комиссиясының мүшесі.

Қазақстан Республикасының бүгінгі Әнұраны туралы сөз қозғаған сайын біздің ойымызға 1986 жылдың желтоқсаны оралады. Еліміздің егемендігін, тәуелсіздігін ансаған жастар орталықтың шешіміне қарсы өздерінің еркін ойын алаңға шығып көрсетті және оны «Менің Қазақстаным» әнін шырқап, ұшқыр ойларын танытты. Бұл ән осы бас көтерген жастардың жігеріне жігер қосты, бірлігіне ұйтқы болды.

Әнұран – мемлекеттік рәміздердің бірі ғана емес, бірегейі. Адамдарға рух беріп, ерекше патриоттық сезімге бөлейтін музыкалық шығарма.

Сәл ғана тарихқа көз жіберсек, әуел баста көне Грекияда Аполлон, Дионис, Зевс, Гермес даңқын аспандатуға арналған мадақтау жырлары хорға да, жеке адамның орындауына да лайықталып жазылған. Олардың бәрінің ортақ атауы – Гимнос, ерекше мадақ жыры. Міне, құдайларды мадақтауға арналған жырлардан бастау алатын гимн дәстүрі келе-келе салаларға бөлініп, мемлекеттік, революциялық, әскери, діни гимндерге ұласып кетті.

«Гимн» сөзі грек тілінен аударғанда – мадақтау ән, салтанатты әуен мағнасын білдіреді.

Егеменді ел атанып, тәуелсіздік алған Қазақстанның да алдымен қолға алған жұмысының бірі – төл Әнұранымызды бекіту болғаны – табиғи нәрсе. 1992 жылы Республиканың Мемлекеттік Гимні қабылданды. Ол өзінің кезеңдік міндетін толық атқарды. Енді ол халқымыздың мәдени мұрасына айналып, алтын қорынан орын алады. Сонымен бірге халық арасында Гимнді өзгерту туралы әңгіме, пікір естіле бастаған еді.

Жұртшылық арасында өте кең таралып, сүйіспеншілікпен, патриоттықпен, өркімнің жан дүниесінің қалауымен, ешкімнің тапсырмасынсыз нұсқауынсыз өз ықыласымен жұртшылықтың басы қосылған жерде, жиындарда «Менің Қазақстаным» әнін орындау әдемі, жарасымды, орынды салт-дәстүрге айналған еді. Тіпті мемлекеттік мекемелерде ресми жиындарда ғана емес,

қарапайым басқосуларда, қуанышта, тойда осы ән өзінен өзі шырқалып, ішкі сезімнің қажетіне айналғанын жұртшылық біледі. Әуелі жеңіл және рухани ерекше сезіммен орындалатын, сөзі жаттауға, есте сақтауға ыңғайлы, екпінді, жігерлі, марш жанрлы болғандықтан жүректерге жақындығымен танылғанына уақыттың

талай белестерінде белгілі болатын.

Осы әннің шығу тарихына көңіл бөлейікші. Өткен жылы қыркүйек айында Жағалбайлы атаның ұрпақтары Ақтөбе өңірінде бабалар рухына арнап, құрметті шараларын өткізіп, оған Оңтүстік Қазақстан облысынан Шәмшінің қарындасы Раушанды, інісі

маманы болып, еңбек жолын бастайды. Сол кезеңде онымен еңбектес болған темірліктер – кеңшардың мал маманы, кейін аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болған Анна Ивановна Оксюк, шаруашылықты басқарған Жұмағазы Оспанов және басқалары оның еңбектегі ісі және сазгерлік талабы жөнінде осы күнге

санында Қазақстан Республикасы Президентін сайлау өткізілді. Осы сайлауды өткізудің облыстық штабында жұмыс жасадым. Көптеген мекемелерде, оқу орындарында, ашық алаңдарда, мәдениет үйлерінде жиындар, кездесулер, митингілер өткізіліп жатты. Сол басқосулар ешбір нұсқаусыз-ақ «Менің Қазақстаным» әнін орындаумен аяқталатын. Ән жігер беріп, патриоттық сезім туғызатын, адамдарды рухани жағынан біріктіріп, топтастырып, ұйымдастыратын. Халық осы әнді Әнұран қылып алды. Сөйтіп, сайлауда жеңіске жеткізген осы ән 2006 жылы 6 қаңтарда ресми түрде Парламентте талқыланып, мемлекеттік Әнұранына айналды. Сол жылы 11 қаңтарда Астанадағы Ақордада Президент Нұрсұлтан Назарбаевты ұлықтау рәсімінде алғаш рет орындалды. Сөйтіп, халыққа жетпей жатып, қудалана жаздаған ән бағы жанып, тәуелсіздік арқасында еліміздің Әнұранына айналды. Нәсіп апай ән сөзінің осы заманға лайықтап, Елбасы редакциялаған нұсқасы ұнағанын айтады.

Мемлекеттік Әнұранды айтқанда, ереже бекітіліп, сол бойынша бұл ұлағатты әуен шырқалғанда жұртшылық орындарынан тұрып, оң қолын сол кеудесіне – жүрегінің



МЕРЕЙЛІ «МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ»

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұранының мәтіні

Әнін жазған:
Шәмші Қалдаяқов
Сөзін жазғандар:
Жүмекен Нәжімеденов,
Нұрсұлтан Назарбаев

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:

*Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егіземін,
Жырың болып төгіземін, елім!
Туған жерім менің –
Қазақстаным!*

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

Қайырмасы:

*Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егіземін,
Жырың болып төгіземін, елім!
Туған жерім менің –
Қазақстаным!*

Осыдан елу жыл бұрын – 1956 жылы 25 қазанда жазылған «МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ» ӘНІ БҰДАН БІР ЖЫЛ БҰРЫН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ БОЛЫП ЖАРИЯЛАНДЫ. ЕЛБАСЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ ОСЫ ЖӨНІНДЕ ПАРЛАМЕНТКЕ ЖОЛДАҒАН ХАТЫНДА БЫЛАЙ ДЕП АТАП АЙТҚАНЫ ЕСІМІЗДЕ: «ЕЛІМІЗДІҢ ҚАЙ ТҮКПІРІНЕ БАРСАМ ДА, КӘРІ ДЕ, ЖАС ТА ӘНҰРАНДЫҚ МӘРТЕБЕСІ БОЛМАСА ДА, АСА КӨРНЕКТІ КОМПОЗИТОРЫМЫЗ ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВ ПЕН ЖҮМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВТИҢ СӨЗІНЕ ЖАЗЫЛҒАН «МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМДЫ» ӘНҰРАН ЕСЕБІНДЕ ШЫРҚАҒАНЫНЫҢ КУӘСІ БОЛДЫМ... ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН БЕЙРЕСМИ ӘНҰРАН ҚЫЗМЕТІН АТҚАРЫП КЕЛГЕН БҰЛ ӘНГЕ РЕСМИ МӘРТЕБЕ БЕРЕТІН КҮН ЖЕТТІ ДЕП ЕСЕПТЕЙМІН».

Көшербайды шақырған еді. Олармен облыстық музейде кездесу өткізіп, Шәмшінің көптеген әндерінің шығу тарихын білген болатынбыз. Ақтөбелік әншілер сазгердің шығармаларын орындап, кездесуді «Менің Қазақстанымды» қосылып орындаумен аяқтаған болатын. Жүмекен Нәжімеденовтің жұбайы Нәсіп апайдың айтуы бойынша, ән сөзін ақын белгілі қобызшы Гүлсара Бірманованың үйінде жазған.

Осы жерде Шәмші өмірбаянының бір дерегіне тоқталып өтсем деймін. Ол Оңтүстік Қазақстан облысында Қаптанбек зоотехникалық-малдәрігерлік техникумын бітірген соң жолдамамен біздің облыстың Мұғалжар ауданындағы «Темір» кеңшарына жұмысқа жіберіледі де, мал

дейін әңгіме етіп отыратын. Айта кету керек, «Менің Қазақстаным» әнінің сол кездегі мәтінін Жүмекен «Мәдениет және тұрмыс» журналына жариялауға алып барса, ондағы қызметкерлер «мұнда жеті-жылдық жоспар туралы мүлде жазылмаған» деп қайтарып жібереді. Ақын біраз өзгертулер енгізуге мәжбүр болған. Сөйтіп, біраз кедергілерден кейін ән алғаш рет атақты әнші Жамал Омарованың орындауында жарыққа шығып, көпшілікке тарады. Сонымен бұл қасиетті ән кеңестік тоталитаризмнің кара бұлтын бұзып, әр қазақтың жүрегіне отаншылдық сезімін орнатып, көпшіліктің сүйіспеншілігі мен халықтық әнге айналғанын бүгінгі ағалар да, жас ұрпақ та біледі.

2005 жылдың 4 желтоқ-

тұсына қойып айтулары керек. Аса маңызды азаматтық парыз – Әнұран шырқалғанда барша оның мәтінін жатқа білуге және әуенімен айтуға міндетті.

Әнұран – тек ән емес, халықтың басын біріктіретін ұлағатты ұран. Осы ниетпен халқымыз «Менің Қазақстанымды» Әнұран етіп өзі таңдады. Әнұран уақыт сынынан өтті. Ешкім де халықтан биік емес, ешкім де уақыттан дана емес. Парламент халық сөзіне, уақыт үніне құлақ асты. Әнұранды дүниеге алып келген өйгілі сазгер Шәмшінің, ұлағатты ақын Жүмекеннің аруағына тағзым етеміз. Көптің ойын таныған Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевқа ақ алғысымызды арнаймыз. Әнұран Қазақстан аспанында шарықтай шырқалып, елімізге өсу, өркендеу, халқымызға бірлік алып келеді деген сеніміміз зор.